



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2025 жылдың 29 сәуірінде Қазақстан-Америка Еркін университетінің негізінде мектеп оқушылары мен ТЖКБ жүйесінің студенттері арасында "Мен-кәсіпкермін" атты облыстық бизнес-жобалар турнирі өтеді. Конкурстың ұйымдастырушылары: Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы, ШҚО кәсіптік білім беру орталығы, ШҚО бойынша кәсіпкерлер палатасы, Қазақстан-Америка Еркін университеті, Өскемен экономика және қаржы колледжі.

Турнир жеті бағыт бойынша өткізіледі:

- 1.«Greenstartup»;
- 2.«Әлеуметтік бастамалар»;
- 3.«Туризм»;
- 4.«Агроэкономика»;
- 5.«Криативті бизнес-идея»;
- 6.«IT-сфера»;
- 7.«Сауда ісі».

Турнирге 14-20 жас аралығындағы мектеп оқушылары мен колледж студенттері қатыса алады. Конкурса қатысудың командалық (3 адамнан аспайтын) және жеке нысаны көзделген.

Турнирдің жеке қатысушысынан және де команда қатысушыларынан бір ғана өтініш қабылданады.

Турнирге ұсынылған материалдарға сараптама турнирдің әрбір номинациясы бойынша критерийлер негізінде жүргізіледі. Турнирге ұсынылған жұмыстарды іріктеуді сараптау комиссиясы жүргізеді.

Турнирдің жұмыс тілдері – қазақ, орыс.

Өтінімдер 2025 жылғы 01 наурыздан 01 сәуірге дейін қабылданады. Барлық материалдар тек электронды түрде .doc форматта қабылданады.

Турнир аралас (онлайн және офлайн) форматта өткізіледі.

Турнир кезеңдері:

- оқу орны ішкі конкурс өткізеді және облыстық турнирге қатысуға өтінім жібереді (2025 жылғы 01 сәуірге дейін үш жобадан артық емес);
- ҚЭФ ҚК базасында өтінімдер мен жобаларды тіркеу (2025 жылғы 01 сәуірге дейін);
- сараптама комиссиясы турнирдің финалына қатысу үшін жобаларды іріктеуді жүргізеді (2025 жылғы 19 сәуірге дейін);
- жобаларды қорғау нысанында турнир финалын өткізу (2025 жылғы 29 сәуір).

Турнирге қатысу үшін құжаттар тізімі:

- 1) өтінім;
- 2) қатысушының осы оқу орнының оқушысы болып табылатындығы туралы оқу орнынан анықтама;
- 3) жобаның бизнес-жоспары, презентацияның электрондық нұсқасы, қорғау кезінде қажетті өзге де материалдар.

Материалдарды ресімдеуге қойылатын техникалық талаптар:

- беттің бір жағында баспа әдісімен (А4 форматы);
 - әріп – Times New Roman (14 кегль);
 - қатараралық интервал бір жарым (1,5);
 - әріп түсі-қара;
 - мәтінді ені бойынша тегістеу;
 - бірінші жол (абзац) 15 мм;
 - жиегі: оң жағы – 10 мм, сол жағы - 30 мм, жоғарғы және төменгі жағы - 20 мм;
 - парақтың төменгі бөлігінің ортасында араб цифрларымен беттерді нөмірлеу.
- Талаптарға сәйкес келмеу материалдарды қараудан ауытқу үшін негіз болып табылады.

Өткізу тілі: орыс, қазақ.

Ұйымдастыру комитетінің байланыс деректері:

Шығыс Қазақстан облысы бойынша кәсіпкерлер палатасы, Өскемен қаласы, М. Әуезов даңғылы 26/1, тел.: 8 7232 742-102;

Қазақстан-Америка еркін университеті, Өскемен қ., М. Горький к-сі, 76, тел: 8 7232 502 858, 8 747 804 49 44;

Өскемен экономика және қаржы колледжі, Өскемен қ., Бажов к-сі, 68, тел: 8 7232 505-028, 8 705 830 36 36.

Конкурсқа қатысушының өтінімін толтыру үлгісі

Өтінім

«_____» номинациясы бойынша оқушылар мен студенттердің бизнес-жобалар турниріне қатысады

1. Тегі, аты, әкесінің аты

2. Туған күні (күні, айы, жылы)

3. Тұрғылықты жерінің пошталық мекенжайы, телефоны (толық) _____

4. Оқу орнының мекенжайы, телефоны, электронды поштасы (толық)

5. Қатысушының байланыс телефоны, сыныбы, тобы, курсы, мамандығы _____

6. Ғылыми жетекшінің Т.А.Ә., телефон нөмірі

7. Жобаның атауы

8. Жобаның қысқаша сипаттамасы, мақсаттары мен міндеттері

Ескерту: Бір жобаға бір өтінім жасалады, егер бір жобада бірнеше қатысушы болса, онда бір өтінім жасалады және баяндамашылар бойынша барлық деректер бір өтінімде жазылады (бір жобада 3 адамнан артық емес).